

«Бекітемін»  
Мектеп-интернат басшысы:  
С.С.Досмагамбетова



Павлодар облысының білім беру басқармасы, Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің Ш. Айманов атындағы жалпы орта білім беру мектеп-интернатының коммуналдық мемлекеттік мекемесі  
**Бракераждық комиссия туралы ереже**

**1. Жалпы ереже.**

- 1.1. Мектеп жарғысына, СанПин ережесіне сай, мектепке дейінгі ұйымның жұмыс тәртібін ұйымдастыру және балалардың тамақтануын ұйымдастыру, әкелінген тағамдардың сапасын бақылау үшін бракераждық комиссия құрылады.
- 1.2. Бракераждық комиссия мектеп басқару кеңесімен және әкімшілікпен тығыз байланыста жұмыс істейді.

**2. Бракераждық комиссия мен оның мүшелерін тандау тәртібі.**

- 2.1. Бракераждық комиссия мектеп жалпы жиналысында құрылады. Оның құрамы, жұмыс бағыты мектеп директорымен бекітіледі.
- 2.2. Бракераждық комиссияның құрамында 4-5 мүшелері болады. Оның құрамына енеді:
  - Мектеп басшысы (комиссия төрайымы)
  - Медбике
  - Мектеп ұжымынан.

**3. Комиссияның құқығы:**

**Бракераждық комиссия:**

- Тамақты әкелген, қабылдаған кезде Санитариялық-гигиеналық нормалардың сақталуын бақылайды;
  - Тамақты сақтау қоймаларының ережеге сәйкестігін тексереді;
  - Ас мәзірінің дұрыс құрылуын күнделікті тексереді;
  - Асханадағы жұмысты бақылайды;
  - Тамақтың сапалығын және дайындау кезіндегі сапасын тексереді;
  - Асхана қызметкерлерінің жеке гигиенасының сақталуын бақылайды;
  - Тамақтың салуын және беру нормаларын тексереді;
  - Тамақтың түсін, иісін, дәмін, қоюлығын, дәмділігін тексереді;
4. Мектеп оқушыларының тамақтануын ұйымдастыруды бағалау.
    - 4.1. Берілген астардың шығу нормаларын тексеріп, бракераждық журналға толтыру. Қандай да болса оқылық жағдайлар анықталса, бракераждық комиссия берілуді тоқтатуға құқығы бар.
    - 4.2. Болған оқыс жағдайлар бракераждық журналға енгізілуі тиіс.
    - 4.3. Мектеп әкімшілігі бракераждық комиссияның әрекетіне ықпал етіп, кемшіліктердің жоюлуына шара қолдануына құқығы бар.